

«БЕКІТЕМІН»

Қазтұтынуодағы Қарағанды
экономикалық
университетінің әлеуметтік
мәселелері жөніндегі
проректоры т.ғ.д., профессор
_____Қ.Ж. Әбілов
« » 2012 жыл

"Ақсоран"

қазақ студенттер театры
Алаштың аяулы Ақселеуі

/Ақселеу Сейдімбек-70/

Өткізілетін орны: Облыстық Н.Г. Гоголь атындағы әмбебап кітапхана
/сұраныс бойынша/

Өткізілетін күні: 12.12.2012 ж

Өткізілетін уақыты: 14⁰⁰-де

Ұзақтығы: 10 минут

Қатысушылар:

Ақселеу Сейдімбек – Закенов Нұржан ВТ-21 к

Қаржаубай Сартқожаұлы – Әбдіғалым Әбдірахым ГМУ 22 к

**Ақселеу Сейдімбек 70 жаста
«Алаштың аяулы Ақселеуі»**

Ақселеу аға:

- Болды, бітті! Енді қолыма қалам ұстамаймын.

Қаржаубай Сартқожаұлы:

- Мені таң қалдырмаңыз!
- Жоқ, бұлай болуға тиісті емес....

Ақселеу аға:

- «Аруақ аттағандай болмайын деп сәлем бере келдім»
- «Әй, ұл! О дүниедегі аруақтармен сөйлесіп, мың жыл бұрынғы аруақтармен сұхбаттасып жүрген ұлсың ғой. Байырғы түріктердің құлпытасындағы ең керемет сөйлемді айтшы маған»

Қаржаубай: /ойланып отырып/

- «Енисей ескерткіштерінде «Көктегі ай мен күнге, жердегі еліме, ұрпағыма құмарым қанбады» деген керемет сөйлем бар»

/Ақселеу аға, қалтасындағы кітапшасына түртіп алып кетіп еді бір жыл бұрын /

Қаржаубайдың ойы:

- Бір жылдан соң 8:30 да жұмысқа келгенімде Сізден айырылып қалғанымды естідім.
- Ойпырым – ай!...
- Бұл не....
- Менің асқар тауым құлап, мәңгілік көк аспан қара жерге сынып түскендей күй кештім-ау.
- Ой, қамшының сабындай ғана қысқа өмір-ай! Жалт еттің де жоқ болдың! Тым – тым алдамшы екенсің ғой! Қандай өкінішті, ә!....
- Сіз білесіз бе, Ақа?
- Биылғы күз ұз – а – а – қ болды.
- Арқаның нағыз алтын күзі болды.
- Желтоқсанның он бесіне дейін қар түспей қойды ғой. Осы сартап болып жатып алған сары күзде Сізді сағындым. Ешкімге айтпай, ешкімді ертпей балам екеуіміз Сізге тарттық. **Өзің орналасқан Қарауыл төбе!** Жан-жағына қараймын. Ұлы далада бүкіл Арқада ақ селеу жайқалып, үп еткен желмен басы жапырыла тербеледі. **Құтты Сізді аймалап жатқандай.** Сізді құшақтап, сіздің алдыңызда бас иіп жатқан ұлы даланың ақ селеуі теңіздей толқиды. Бүкіл ұлы даланың өскіндері ақ селеу Сізге бас иіп жатыр.
- «**Ақселеу**» деген есіміңіздің өзі де ерекше ғой. Жазық далада жайқалып өсетін селеу сияқты, есімінің иесін де «дала философиясы» деп атауға тұрарлық. Алла тағалам, оны жай қазақ қылып емес, абыз, дана, ғұлама етіп туғызған ғой.
- Тұтас болмыс – бітімінен, ойлауынан, сөйлеген сөзінен, жүріс-тұрысынан, мінезінен нағыз қазақтың бүгінде жоғалып бара жатқан қасиеттері көзге түсетін,- деп өз естелегінде айтып кеткен профессор Темірғали Көкетаев ағамыздың сөздері ерекше ойыңа түседі.
- Абайдың:
Жас қартаймақ, жоқ тумак, туған өлмек,
Тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалар,
Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек....
- **Қабіріңізге қараймын.** Сіз бірдеме дей ме деп үміттенемін. Бір-ақ ауыз сөз. **«Көктегі күнге, жердегі халқыма мейірімім қанбады»** Құдайым – ау, бұл не?!
- Қайтыс боларынан бір жыл бұрын келіп менен сұраған Енисей ескерткіштеріндегі ақтық сөз – ғой, мынау-мынау!...

С О Ң Ы. Жауапты: Ысқақова А.Ж.